

«Молдір бұлақ» бөбекжай – балабақшасы

«Баланап» кіші тобы.

«Адал ұрпақ»

Мультфильм қарау. Дәйексөз:

«Әділін айтсаң – әдемі айтқаның»

Тәрбиеші: Мекембай Ұ.

Қайрат ауылы 2024 – 2025 оқу жылы.

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай – балабақшасы  
«Балапан» кіші тобы.

«Адал ұрпақ»

Мультфильм қарау. Дәйексөз:  
«Әділін айтсаң – әдемі айтқаның»

Тәрбиеші: Мекембай Ұ.

Қайрат ауылы 2024 – 2025 оқу жылы.

## «Адал ұрпақ»

Мультфильм қарау. Дәйексөз

«Әділін айтсаң – әдемі айтқаның».

**Адал ұрпақ.**

**Мақсаты:** Балаларды адалдыққа, әділдікке, шыншылдыққа тәрбиелеу:

Адал болудың маңызын түсіндіру:

Әділ шешім қабылдауға, өтірік пен шындықты ажыратуға үйрету.

«Адал ұрпақ» Мультфильмін көрсету.

**Көрнекілік:**

Мультфильм, мақал –мәтелдер, суреттер, жүрекшелер, дәйексөз.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар, бүгін біз өте жақсы, маңызды тақырыпта әңгімелесеміз.

**Тақырыбымыз-** «Адал ұрпақ».

Адал деген сөзді естігенде ойларыңа не келеді?

(Балалардың жауаптары тыңдалады: шыншыл болу, өтірік айтпау, дұрыс сөйлеу, т.б.)

**Мультфильм қарау**

«Адал бала» немесе «Шындық жеңеді» атты қысқа тәрбиелік мультфильм көрсетіледі.

Балалар көрген соң сұрақтар қойылады.

Кейіпкердің қылығы ұнады ма?

Ол неге адал болды?

Егер сен оның орнында болсаң не істер едің?

**Дәйексөзбен жұмыс:**

**Дәйексөз:** «Әділін айтсаң-әдемі айтқаның.»

Мақсаты: Балаларға қызықты, мағыналы, мультфильм көрсету арқылы «Адал ұрпақ – адал азаматты» қалыптастыру. Балалардың сауаттылығын арттырып, болашақта кәсіби маман, іскер адам болуға үйрету.

Тәрбиеші:

- Бұл сөздің мағынасы: егер сен шындықты, әділдікті айтсаң, ол әдемі, дұрыс сөз болады.
- Әрқашан әділ сөйлейтін, шындықты айтатын бала-адал бала.
- Бұл сөздің мағынасы – шыншылдық пен әділдік адамның сөзін көркем етеді. Адам не айтса да, адалдықпен айтса, оның сөзі құрметке лайық болады. Адал ұрпақ – әділдікке, дұрыс шешім қабылдауға, өтірік пен жалғандықтан аулақ болуға тәрбиелеген ұрпақ.

Ойын: «Адал не, адал емес?»

Тәрбиеші суреттер немесе мысалдар айтады.

Балалар «Адал» болса – жасыл жүрек,

«Адал емес» болса – қызыл жүрек көтереді.

Мысалы: Досына көмектесу.

Өтірік айту.

Жерден ақша тауып алып, иесіне бермеу.

Біреудің затын рұқсатсыз алу.

Қорытынды бөлім:

Тәрбиеші:

- Адал ұрпақ – елдің айнасы.
- Әрқашан әділ болайық, өтірік айтпайық, уәдемізде тұрайық.

Балалармен бірге ұран:

«Адал ұрпақ – жарқын болашақ!».

Адал ұрпақ – елдің ертеңі. Әр бала әділ сөйлеп, дұрыс шешім қабылдай білсе, қоғам да мықты, тату сенімді болады.

«Әділін айтсаң-әдемі айтқаның» деген нақыл – әрқайсымызға өмірлік бағдар.

Адал адам – ең бағалы адам. Өз сөзінде тұратын, шындықты айтатын, әділ шешім қабылдайтын бала – еліміздің болашағы.

